Кездесу барысында екі сынып оқушыларына да мамандық тақырыбымен таныстырылды. Мамандықты дұрыс таңдау өмірдегі ең маңызды екендігі айтылды. «Өз ісінің нағыз маманы етану әркімнің де қолынан келері сөзсіз. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат пен карьерист болу. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек.»

Мамандық таңдаудағы ең негізгі формула туралы айтылды.



«Сізге қай мамандық лайық?» тақырыбында оқушылардан тест алынды. Таңдаған фигуралардың аінде өздеріне сәйкес келетін мамандықты оқушылар біле алды.

«Мамандық туралы диалог – иә, бірақ...» жаттығуы арқылы әр оқушы өздері таңдаған мамандықтары туралы айтты және қиыншылықты өздерін лайық көретіндерін сипаттап айтып берді. Сыныптағы барлық оқушылар белсенді қатысты.

«Мамандықты психология заңына сәйкес таңдау» экранда балаларға нұсқаулық берілді, оқушылар өздерінің туған ай, күн, жылдарына байланысты есептеп қажетті шыққан санға қай мамандық сәйкес келетінін білді.

Қорытынды: Тренинг оқушыларға өте ұнады. Сабақ соңында өздерінің пікірлерін, алғыстарын айтты, өздері туралы көп ақпарат ала алғандарына қуанышты екендіктерін білдірді.

Педагог-психолог Г.Жұмабаева

ЖАСӨСІРІМДЕРГЕ КӘСІПТІК БАҒЫТ БАҒДАР БЕРУ

Жасөсірімдерге кәсіптік бағыт бағдар беру

Мамандық менің болашағымның таңдауы



Күн тәртібінде:

1. Мамандық туралы түсінік беру
2. Мамандық таңдауға кеңес беру
3. «Сізге қай мамандық лайық?» психологиялық тест

**Мақсаты: Оқушылардың
өмірі туралы, мамандықтар
туралы көзқарастарын
дамыту, мамандық тандауға
дұрыс бағдар беру.**

Мамандық деген не?

Мамандық – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді.

Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.

Мамандықты қалай таңдау керек?

1. Бейімділігіңізді ескеріңіз

Бастапқыда өз қызығушылығыңызға назар аударыңыз. Немен айналысқыңыз келеді? Қандай пәндер ұнайды? Бос уақытыңызда немен айналысқанды жақсы көресіз? Адамдармен, әсіресе, бөге кісілермен оңай тіл табыса аласыз ба? Көптеген нәрсе сіздің бейімділігіңізге байланысты.

2. Дұрыс шешім қабылдауға тырысыңыз

Бұл таңдауды өз бетіңізше жасау керектігін саналы түрде ұғыныңыз. Ата-аналардың, достарыңыздың ықпалынан шыға алмай қалмаңыз. Олар не айтса да, бұл – тек сіздің тағдырыңыз.

3. Мамандық таңдауда өзіңіздің физикалық ерекшеліктеріңізді, кемшіліктеріңізді ескеріңіз.

Денсаулық жағдайларына байланысты тыйым салынған мамандықтар болуы мүмкін. Мұндай мамандықтар көп емес, оларға негізінде қандай да бір физиологиялық жүйеге ұзақ ауыртпалықты талап ететін мамандықтар жатады. Компьютер мамандары көздеріне, ал ұшқыштар – жүректеріне ауыртпалық түсіреді.

4. Мамандық таңдағанда оның болашағын да ескергеніңіз жөн.

Себебі, технология тез дамып келе жатыр, соның салдарынан бүгін керек мамандық ертең қажетсіз болып та қалуы мүмкін. Сол себепті болашағы бар саланы таңдауға кеңес беремін.

5. Мамандардың көмегіне жүгініңіз

Егер сізде күмән туындаса, мамандардың көмегін пайдаланыңыз. Бұл ретте не мектеп психологымен, психологиялық кеңсе маманымен ақылдасуға болады.

Хаттама

Қатысқан сынып: 4-сынып

Тренинг сабақ барысы :

Сабақ тақырыбы: «Мейірімді жануар»

Мақсаты:

Қатысушылардың позитивтік көңіл-күйін көтеру, жүйке жүйесін демалдыру, бір-біріне деген құндылық, сергектік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар: Жұмыс ойыншық, маркер, қатпап, жіп, қайшы, желім.

Психологтың кіріспе сөзі.

Бүгінгі тренингке қош келдіңіздер! Бұл психологиялық тренинг сіздердің бір жылғы оқу жылы бойы жақсы көңіл-күйде жүрулеріңізге арналған. Биылғы оқу жылы қандай болды, қандай оқиғалар түседі деген ойлар арабесемізді де кетпеседі. Біз, бүгін балалардың ерекшеліктері жөнінде, бесінші сыныптың қиындықтары жөнінде әңгімелеспейміз.

Шамамыз келгенше, жалпы ұжымдық жақсы көңіл-күй қалыптастыруға тырысамыз. Ол үшін біз өзімізге сенім мен үміт ұялатып, жалпы нырай танытсақ, барлығы ойлағандай болады. Оқу жылының сәтті өтуі, оны біздің қандай күйде қарсы алатынымызға байланысты.

Сергіту ойыны «Сұрақ-жауап».

Жүргізуші допты кез-келген қатысушыға лақтыра отырып, сұрақ қояды, жауап бергеннен кейін допты қайтадан жүргізушіге кері лақтырады.

Мысалы: Бүгін сіздің көңіл-күйіңіз қандай? Көңіл-күйім шайдай ашық.

Шайдай ашық тағы не болады?

Қатынасшы: Күн.

Күн тағы қандай болады? Сәтті.

Сергіту ойыны «Бүгін менің тоғыз көргенім.....»

Қатынасшылардың он жағында тұрған көршісіне қарап байқаған өзгерістерін сол адамға айтулы ұсынады. Әрбір қатынасшы «Бүгін мен бұл тоғыз көргенім, көршімнің.....».

1. Жаттығу «Жағдайтан шығу»

Мақсаты: логикалық ойлау арқылы кез-келген жағдайдан шыға білу.

Нұсқау. Бұл ойынға өз еркімен маған 3 адам керек. Қалғандары бақылаушылар болды.

Ойынның мәні: үш дос бір жерде кездесуі туралы келісу керек. Бірақ олардың бірі-сақау, бірі-соқыр, енді бірі –сапырау. Кездесетін жерді тек сақау ғана біледі. Ол өзінің достарына қайда қашан бару керектігін түсіндіру керек.

Талдау:

Жағдаяттан шығу оңай болды ма ?

Сен осы кездесуді қалай түсіндірер едің ?

2.Жаттығу «Бір күннің қорытындысы»

Нұсқау: Жайланып отырыңыз. Біз қазір бір-бірімізге жұмыс ойыспашақты береміз, өзіміздің өткен тренингтен алған әсерімізді айта отырып, бір-бірімізге үлес тілейміз. Бір кісі сөйлеп отырғанда, басқаларын мұқият тыңшу, сөзді болмау, әріптестерін құрметтеуді сұраймын.

Талдау:

Өткен тренинг сізге не өзгеріс алып келді ?

Бүгінгі жаттығудан қандай әсер алдыңыз ?

Өзіңізге қандай жаңалық аңғардыңыз?

Келешекте қолдануға өзіңізбен нені алып кетесіз ?

Қорытынды.

Оқушылар өз ойларын еркін айта алады, арасында кейбір оқушылар ұялып немесе ойын жеткізе білмейді,өз ойларын жеткізуге ыңғайсызданады. Бүгінгі тренингке белсенді қатысушыларыңызға көп ризмет.

Тренингті жүргізген педагог-психолог **М.Жамалова**

Хаттама

Тақырыбы: «Әріптестік қарым-қатынас тренингі».

Өткізілу нысаны: Психологиялық тренинг.

Жұмыс мақсаты: Педагогикалық жағдаяттардың шешу жолдарын анықтау және балалармен жұмыс жасау барысында эмоционалды тұрақтылықты сақтау.

Қатысушылар: мектеп мұғалімдері

Дайындаған: педагог - психолог Г.Жұмабаева

Кіріспе. Мұғалімдерге арналған психологиялық тренингте педагогикалық іс-әрекетте кездесетін әр түрлі жағдаяттардың шешу жолдары қарастырылды. Тренингке қатысқан жас мамандардың жұмыс басында көңіл-күйлері қалыпты болды. Жұмыс барысында тренингте деген қызығушылықтарын танытып, белсенді қатысып, көңіл-күйлері көтерілді.

Тренинг барысы. Мұғалімдерге психологиялық тренинг мақсатымен, тақырыбымен, ережелерімен таныстырылды.

Қатысушыларының жұмысқа деген қызығушылығын арттыру және көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Көріңі» жаттығуы орындалды. Устаздар белсенділіктерін танытты, келесі жаттығуды орындауға асықты.

Екінші жаттығу «Өзіндік тандау». Жас мамандар өздері туралы көп айта бергісі келмейтіндіктері және өзінің ішкі әлемінің ашылуын қаламайтындықтары байқалды. Жаттығуды бастауды бір-біріне сілтеп тұрды. Қатысушылардың барлығы өздерінің болашақта мақты маған несі болатындықтарына сенетіндіктеріне айтты.

Келесі жаттығуды «Бала» деген сөзге түсінік берді. Үлгі баланың, бірақ ауыры, адам тәрбиеленуші, өскелең ұрпақ деген түсініктер берілді.

«Баға қою» жаттығуында жас мамандар негативті және позитивті бағаны бір-бірінен мұғалім болып, оқушылар роліндегі қалған қатысушыларға нұтоннанысып, эмоциясын келтіріп қойып көруі керек. Мұғалімдер татсырманы орындау барысында қызығып, баға қою кезіндегі өздерінің эмоцияларын бере алмады. Жаттығу соңында мұғалім оқушыға негативті баға қою кезінде балаға деген өзінің қатынасын білдіру және сол баланың ертеңгі күні жақсы оқитындығына сенімділігін көрсету керектігі, сонымен қатар оқушыға позитивті баға қою кезінде мұғалім баланы оқуға деген талпынысын бекіту керектігі туралы кеңес берілді.

«Тұраі түеті шарлар» жаттығуында мұғалімдер ішкі рөлдерін айтуға асықты, көмек сұрағандай болды. Қуанышты сәттерін есепке қарап айтты.

Келесі «Айна» жаттығуында жұттарға бөлініп, бір-бірінің іс-қимылдарын қайталады. Мұғалімдер белсенді қатысып, көңілдері көтерілді.

Сыншылты қалай тыныштыңдыру туралы екі жылдан астам еңбек өтілімі бар мұғалімдер өз тәжірибесімен бөлісті.

Қорытынды. Психологиялық тренинг барысында қойылған мақсатқа көз жеткізілді. Педагогикалық жағдаяттардың шешу жолдары қарастырылды және жас мамандардың көңіл-күйлері көтерілді.

Ұсыныс. Әрбір мұғалімнің өзінің психологиялық денсаулығын, эмоционалды тұрақтылығын көңіл бөлу, тренингте қарастырылған педагогикалық жағдаяттардың шешу жолдарын қолдану.

Анықтама

10 -сынып оқушыларынан «Айзенк» тесті алынды.

Бұл тест орта сынып оқушыларынан бастап ересек адамдарға дейін қолдануға болады.

Мақсаты – баланың темпераментін және эмоционалдық тұрақтылығын (нейротизмнің көрінісін) анықтау.

Орындау ережесі : сізге 57 сұрағы бар бланкі мен жауап парақ беріледі.

Сұрақтардың әрқайсысына «иә» немесе «жоқ» деген жауап беріп оны параққа жазамыз. Әр адамның өз ойы өзіне дұрыс.

Зерттеуге :13 оқушы қатысты

Нәтижесінде

Қобалжу шкаласы - 1 оқушы

Фрустрация шкаласы- 5 оқушы

Агрессия шкаласы - 5 оқушы

Резидтілік шкаласы - 2 оқу

Анықтама

11 - сынып оқушыларынан оқушылардың мектепте мазасыздануын анықтау «Филиппс» тестін жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың мектеппен байланысты мазасыздануының сипатын зерттеу.

Зерттеуге : 9 оқушы қатысты

Орындалау ережесі : зерттеуге 58 сұрақ жазылған тапсырма парақ таратылып беріледі .Әр сұрақты мұқият оқып , оған шындыққа сай жауап беру керек.Қойылған сұрақтарға дұрыс немесе жоқ.Әр адамның жауабы өзінің көзқарасын білдіреді және тек ол өзіне ғана дұрыс болуы керек. Жауаптары «иә» немесе «жоқ» деп беруге немесе сұрақтағы мәселемен келісетін болса (+), келіспейтін болса минус (-) белгісін қойып орындауына болатындығы түсіндіріледі.

Содан соң уақыт белгіленіп,балалар тапсырманы орындайды.

Нәтижесінде :

Мектепшілік жалпы мазасыздануы - 2 оқушы

Әлеуметтік стресс жағдайында болуы - 1 оқушы

Табысты болу қажеттілік фрустрациясы - 4 оқушы

Баланың өзін-өзі байқауы - 2 оқушы

Мұғаліммен қарым-қатынас жасауда

қорқатынымен байланысты проблемасы бар – 0 оқушы

Анықтама

7 - сынып оқушыларына «Ағаш» әдістемесі жүргізіледі .

Мақсаты: Тест адамның болмысын,оның эмоционалдык жай-күйін қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі.

Орындау тәртібі: Ағаштағы адамдардың көңіл-күйі әртүрлі және әрқайсысының өзіне ғана тән орны бар .Ең алдымен ,өзіңізге қайсысы көбірек ұқсайтынын анықтаныз. Артынша ұқсағыңыз келетін адамды таңданыз.

Бұл әдістемені жүргізгенімізде оқушылар өздерінің қаншалықты эмоциялық жай –күйін және өз орындарын көрсетті .Барлығы жақсы көңіл күйде тек бір ғана оқушы өзінің үнемі қапаланып уайымдап жүретінін көрсеткен .Сол төмен көрсеткен оқушымен жұмыс жүргізіліп анықталды.

Нәтижесінде ол оқушының үнемі қапаланып уайымдап жүретіні әлеуметтік жағдайының үлкен әсер ететінін айтып қатарларынан яғни сыныптастарынан ұялатынын олармен бірге мүлдем жүре алмайтынын айты .Ол оқушымен алдағы уақытта да жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Анықтама

10 «А» сынып оқушыларына «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты: Сыныптағы оқушылардың қарым-қатынасын эмоционалдык жай-күйін қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі.

Орындау тәртібі: суреттегі оқушылардың ішінен өзіңді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзіңді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөніңді жаз.

Бұл әдістемені жүргізгенімізде сынып ұжымының белсенділігін және оқушылар өздерінің қаншалықты бір – бірлесімен қарым-қатынасы жақсы екендігін көрсетті.


Талдау нәтижесі.

1.Мұғалімнен алыста позициясында тұрған болса баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді.

2.Өзге балалармен өзін теңестіру жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге-баланың бейімделуі жақсы деңгейде.

3.Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі.

4.ойын позициясы:оқу позициясымен сәйкес келмейді.



Анықтама

10 «А» сынып оқушыларына «НСВ 10» тесті жүргізілді .

Мақсаты: Бұл проектісті әдістеме зерттелінушінің қоршаған ортаға көзқарасын және жеке бас ұстанымын анықтауға мүмкіндік береді .

Зерттелінуші көрсетілген сөйлемдерді аяқтауы қажет.

Оңдеу барысында жасөспірімнің қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігіне, оларда өмірін сақтауға немесе сақтамауға деген ұмтылыс барына немесе жоғына назар аударған абзал.

Зерттеуге: 14 оқушы қатысты .

Нәтижесінде :НСВ әдістемесінің қорытындысын анықтау мақсатында бұл сыныптарда ешқандай аутодиструктивтік мінез-құлықтары байқалған жоқ

**А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
психологиялық қызметі**

ХАТТАМА №

10 қазан 2023 жыл.

Қатысқаны: 53

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Көтеріңкі көңіл күй» психологиялық тренинг

Қатысқандар: 1 а, ә және 1 б сынып оқушылары, жетекшілері.

Оқушылардың психо-эмоционалдық көңіл-күйін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, зейінін шоғырландыратын, үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін диагностикалау.

Бейімделудің деңгейілері.

Қолайлы- адекватты жағдайда жоғары адаптациялық көрсеткіштер;

Жоғары-бейімделушілік көрсеткіштер психикалық және моральдық қысымшылықтың әсерінің тым жоғары;

Төмен- өз-өзіне деген талаптың төмендігімен сипатталады.

Мектеп психологтары оқушылармен «Көтеріңкі көңіл күй» тақырыбында тренинг жүргізді. Тренинг барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, жүргізішен жаттығуларда өз ойларын еркін жеткізді. Мейірімділіктерін, жылы сөздерін айтын көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Оқушылардың үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін арттыру мақсатында «Атом және молекула», «Мен... ұнатамын», «Тыныштықты тыңдау», «Көңіл-күй өлшегіші» тақырыбында тренингтер жүргізілді.

Ұсыныс:

1. Балаға мадақтау маңызды: сөзбен, көзқараспен, іс-әрекетпен.
2. Оқушылардың ата-анасымен жиі байланыс орнату.

Мектеп психологтары:  **М.Жамалова**

«А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналармен жүргізілген психологиялық жұмыстың

Хаттамасы

08.11.2023

Қатысқандар

ДТЖО: Г.Атабаева

Әлеуметтік педагог: Ә.Прімбетова

Мектеп педагог-психологтар: Г.Жұмабаева, М.Жамалова

Ата-аналар, сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Баяндама тақырыбы: «Жазалау және ынталандыру бойынша ата-аналардың педагогикалық мәдениеті» әлеуметтік педагог: Ә.Прімбетова
2. Психологиялық тренинг- тақырыбы «Ата-анамен бала арасындағы мейірім-махаббат»
3. Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермейік- сынып жетекшілер

«Тәрбие тал бесіктен басталады» десек, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі ешуақытта қоғамды бей-жай қалдырған емес. Тұрмыстық зомбылықта көбіне зардап шегетін әйелдер мен жас балалар. Заң тұрғысында да бірқатар өзгерістер енгізілген. Мәселен, әйелге қол жұмсағандығын растайтын құжаттар болса, әкімшілік жазаға тартумен қатар, 15 күндік абақтыға жабу да қаралған. 10-15 тәулік қамауда отырып шыққан адам үйіне оралады. Ашынған отағасы әйелге қол көтеруін бұдан кейін еселей түсуі де мүмкін. "Әйелдерді қорғау" орталығына қолдау іздеп келген әйелдердің де саны көбейе түскен. Балалар да үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады. Алайда осы кезге дейін қоғам бұл проблемаға тейін қойып көрген жоқ. Бала үшін ата-анасының үйі арқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайтын фактілер жиі кездеседі. Балаларға, әсіресе кішкентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды. Бұл отбасының басқа мүшелері сияқты қорғалу құқығы бар жаннан гөрі, ата-анасының меншігі ретінде қалыптасудың салдары. Дәрекілік, балаға күш көрсету, балалардың бағдарын өзгерту, зорлық-зомбылықтың дамуын тудырады және қыпмысты тудырады. Ол өз-өзіне қол жұмсауға келеді немесе бала тағдырын бұзады.

Ата-аналарға кеңес!

1. Өз баланы құрметте, баланың еркінен тыс бірнәрсе жасауға мәжбүрleme және басқаларға да жол берме!
2. Егер сіз көршінің баласы зорлық-зомбылыққа және ата-аналарының тарапынан соққыға ұшырағанын білсеңіз, онда ол туралы полицияға дереу хабарлаңыз.
3. Егер баланың сіздің күйеуіңіздің оған теріс пиғылы жөнінде айтса, оның сөзіне құлақ салыңыз, күйеуіңізбен сөйлесіңіз, баланы онымен бірге жалғыз қалдырмаңыз, ал егер олардың арасындағы қарым-қатынастар өте тереңге кетсе, ол адамнан айырылысыңыз, баланың бақытынан қымбат нәрсе жоқ.
4. Жыныстық өмірге қатысты баланың қызықтыратын барлық сұрақтар бойынша, сондай –ақ сақтану жөнін де онымен әкесі сөйлесіп, түсіндіруі қажет.
5. Қызға қарама-қарсы жыныстағылармен өзін қалай ұстау жөнінде анасы түсіндіруі қажет.

6. Егер сіз балаңыздың мінез-құлқынан оғаш қылық байқасаңыз, оны мазалап жүрген мәселе жөнінде сөйлесіңіз. Ал ер баламен анасының қатысуынсыз әкесі сөйлескені дұрыс

3.Құбыр жаттығуы

Қажетті құралдар: А4 қағазы (қатысушылар санына орай)

Ережесі: Қатысушыларға 5ір А4 қағазы беріледі. Қағазды екі бүктеп қолдарымен астау кейпіне енгізеді. Барлық қатысушылар қолдарындағы астауша тәріздер иілген қағазды бір-біріне қосып беті ашық құбыр жасайды. Дайын болған кезде нұсқаушы кішкентай допты жібереді. Қағазды үзіп алмай допты өткізіп шығулары керек. Доп түсіп кеткен жағдай ойын қайта басталады.

Талдау: ойын жаттығуы аяқталғаннан кейін қатысушылар алған әсерлерімен бөлісіп, өз ойларын ортаға салады.

«Құбыр» тренингісінің мақсаты: ата-аналарға ауызбіршілікпен біріге отырып жұмыс жасаса, балаларды түрлі қауіп-қатерден сақтауға болатын түсіндіру

«Маған асыл бес құндылық» тренингі

Мақсаты: ата-аналарға өздерінің жақын адамдарын бағалауға, қолында бар дүниелердің қадіріне жетуді үйрету.

Уақыты: 5 минут

Нұсқау: ата-аналарға бір парақ ақ қағаз алып, сол қағаздарды бес бөлікке бөлуін сұраймыз. Бөлінген қағаздарға олар өздеріне қымбат адамдарды, заттарды, дүниелерді рет-ретімен жазып шығады. Бұл құндылықтар олардың өмірінде маңызды рөл атқаруы тиіс. Жазылған қағаздар олардың қажеттіліктеріне, маңыздылығына байланысты рет-ретімен қойылған болуы тиіс. Бірінші оқушылардан сол құндылықтардың арасынан өзіне онша қажет емес деген біреуін алып, жыртып жерге тастауын сұраймыз, және елестетеміз бұл зат болмағанда қалай өмір сүрер еді. Ол дүние болмағанда жағдайы не болатынын, көздерін жұмып елестетеді. Қалған қағаздарда дәл осылай рет-ретімен жерге тасталып отырылады. Әр жиырып тасталған қағаздан соң олардың реакциясы бақыланып отырылады. Тренинг аяқталған соң олардың алған әсерін сұраймыз. Қолында бар дүниенің қадіріне жетуді тағы да бір ескертеміз.

Педагог-психологтар:  Г.Жұмбаева

 М.Жамалова

«А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Отбасында зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында жүргізілген психологиялық жұмыстың

Хаттамасы

Қатысқандар

09.11.2023ж

Әлеуметтік педагог: Ә.Прімбетова

Педагог-психолог: Г.Жұмабаева

8 – сынып ата - аналары

Тақырыбы: «Отбасында зорлық-зомбылыққа қарсымын!»

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, баламен қысым түсірмей, зорлық – зомбылықсыз қарым – қатынас орнатуға бағыт беру.

Әр ата-ана баласын жақсы адам болса екен деп армандайды. Алайда, ол тез арада тамаша адам бола қоймайды. Ол үшін өздері арасын сыпайы қатынасып мәдениеттілік танытумен қатар, оғаш мінез шығармауы қажет. «Балапан ұяда нені көрсе ұшқанда соны іледі»-деген аталы сөз содан қалған. Кейбір ата-аналар баланы мән-мағынасыз еркелететіп өсіреді. Еркеліктіңде жөні бар. Көп еркеліктен бала өз білермендігімен кетеді де, әрі әке-шешесінің тілін ала бермейтіндігі кездеседі. «Егер бала ерке болып өсетін болса, онда өмірін жылап өткізеді» -дейді Юсуф Хаджип. Сондай-ақ баланы ұрып соғып, қорқытып тәрбиелеймін деп қателік жасап та жүрген ата-аналар да бар. Бұл жақсы тәрбие болмайды да, керсінше сол баланың қатігез болуына немесе қорқақ болуына ықпал етеді. Олай болса, сөзімізге дәлел ретінде экранға назар салып, мына бейнеүзікті көрейік: (**видеоролик**)

Қазіргі уақытта балалардың телевизор, компьютердерден көретіні ұрып - соғу, жан-жануарларды жәбірлеуді көреді. Осыны көрген бала іштей ненің дұрыстығын, ненің бұрыстығын түсіне бермейді. Әдетте теріс қылықтан кейін жаза тұрады. Бала ата-анасының жазасын әділетсіз жаза деп сезінеді. Бірақ балаға не үшін жазаланғанын дұрыстап ойландырған жөн және бала өзін ата-ананың орнына қойып, өз қылығын олардың көзімен көруге тырыстыру керек. Үй қабырғасында зорлық көріп өскен балалар болашақта өз жанұяларында да соны істейді. Бұл тіпті отбасылық дәстүрге де айналып кетуі мүмкін. Яғни өз кезегінде тұқымқуалаушылық ауруға жалғасады.

Жалпы, зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.

Әлеуметтік педагог:

 Ә.Прімбетова

Педагог – психолог:

 Г.Жұмабаева

ХАТТАМА

Өткізілген күні:23.09.2023

Қатысқандар : Сынып жетекшілер және ата- аналар, ДТДЖО, медбике

Тақырыбы: «Буллинг және кибербуллинг» туралы ата-аналарға кеңес беру, ақпараттандыру.

Күн тәртібінде:

1. «Мектептегі педагог-психологтың қызметі»;
2. «Буллинг және кибербуллинг» тақырында ақпарат;
3. Бейне-ролик «Зорлық-зомбылықтың алдын алу».
4. Сундидің алдын-алу жұмыстары

Тыңдалды:

1.Мектеп психологы Г.Жұмабаева мектептегі психологиялық қызметтің жұмысын таныстырды. «Мектепке психолог не үшін керек?»- деген сұраққа жауап берді. Психолог ешқандай диагноз қоймайды, этиканы сақтай отырып, жеке, топтық оқушылармен дамыту-түзету, кеңес беру, алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Балалардың оқуындағы қиындықтарды уақытында анықтап, жеке жасерекшеліктерін ескере отырып қолдау көрсетеді. Соңдай-ақ психологиялық қызметтің мақсат-міндеттерін таныстырды.

1. Екінші мәселе қазіргі таңда кең орын алып жатқан «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбы өзекті. Мектеп психологы ата-аналарға жаңа терминдердің мағынасына тоқталды. Интернет арқылы оқушылардың бір-бірі қорқытуы, сөз арқылы бопсалауы кибербуллинг болып табылады, мектепте, үйде, көшеде зорлық-зомбылық көрсетсе, кемсітіп, бала тиіскен жағдайда балада буллинг орын алады. Буллингке тап болған баланың белгілері мінезі өзгере бастайды, мектепке барғысы келмейді, тұйықтық, немесе агрессивті мінездер пайда болады т.б белгілер пайда болады. Ата-аналарға ұсынымдар айтылды. Балаларыңызбен үнемі сөйлесіңіз, жақсы көретіндеріңізді айтыңдар. Бос уақытын тиімді өткізуге, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруды әдетке айналдырыңыздар.

2. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында шағын екі бейне-ролик көрсетілді.

Қаулы:

1.Балаға үнемі жылы сөзді аямау, баланы тыңдай білу, ата-ана тарапынан балаға уақыт бөлу.

2.Ата-аналарды мектептегі ұстаздармен, психологпен тығыз қарым-қатынас жасауға шақырды.

Педагог психолог Г.Жұмабаева

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп Хаттама

Тақырыбы: «Мен өмірді таңдаймын»

Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өзіне сенімділігін арттыру.

Сынып: 7-8

Күні: 14.12.2023

Сабақ түрі: Тренинг сабақ

Қатысқаны: 56

Қатыспағаны:

Қысқаша мазмұны:

Тренинг барысында оқушыларға презентация көрсетілді. Презентацияда бірнеше сұрақтар қойылды. «Өмірдің мәні не?», «Дұрыс өмір сүру үшін не істеу қажет?», «Арман, мақсат дегенді қалай түсінесің?» оқушылар сұрақтарға толық, белсенді жауап берді.

Өмір туралы оқушылар ойларымен бөліскен соң. Өмір сүру үшін адамда дұрыс мақсат, мақсатқа негізделген жоспар болуы керек екендігі туралы түсіндірдім.

Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Барлығы көзін жұмып, өз тілегіне құлақ түре отырып, келешек өмірін, қоғамдағы орнын, айналасындағы жандарын көз алдына елестетуге тырысады. Келешекте өзін көз алдына қалай елестететіні туралы айтып беру немесе қағаз бетіне түсіру. Оқушыларға ақ парақ беріп, өздерінің қолдарынан келетін, қабілеттерін, сүйікті істерін жазуды өтіндім. Оқушылар бастапқыда аздап қиналды. Кейін бәрі жазды. Бір оқушы жазуға ұялды. Тек ауызша жоспар құратынын, армандайтынын айтты. Мағжан мен Ерболат видео монтаж жасауды ұнататынын айтса, Назира пен Аяна өлең оқу, жазуды жақсы көретіндіктерін болашақта сүйікті істерін мамандықпен байланыстыратындарын айтты. Ең үлкен қорқыныш деген сөйлемді аяқтағанда оқушылар қолдау мен сүйенішті қажет ететіні туралы айтты.

Қорытынды: Оқушыларға тренинг ұнады. Барлығы белсенді қатысты. Сыныптың қарым-қатынасы жақсы, өз ойларын ашық айта алады. Психологқа деген сенімділіктері барын байқадым. Тренинг соңында оқушылар сұрақтар қойды. Ернұр «Нақты мақсатты қалай табуға болады?», Еркемай «мақсатты шаршап тұрғанда жазуға бола ма?» т.б сұрақтар қойылды. Оқушыларға психологиялық түрде жауап берілді.

Педагог-психолог Г.Жұмабаева

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің 2023-2024оқу жылындағы ата- аналармен жүргізілген ағарту жұмыстарының Хаттамасы

Тақырыбы: «Егер бала тұйық болса» Ата-аналарға баяндама

Мақсаты: Ата-аналарға тұйықтықтың ерекшеліктері, себептері туралы ақпарат беру. Тұйықтықтан арылу бірнеше тәсілдерін ұсына отырып, баламен дұрыс қарым-қатынас жасай білу, тіл табысу, баланы түсіну мүмкіндіктерін кеңейту.

Мерзімі: 14.10.2023ж

Жұмыс барысы:

Тұйық болудың себептері:

Психологиялық ерекшелігіне, жан-дүниесінің нәзік келуі болып табылады.

Тұйық болудың ең көп кездесетіні: жанұяда жалғыз өскен балаларда кездеседі. Ағасымен апасының болмай, амалсыз үйде ойнауы бала өмірінің дамуына әсер етеді.

Сонымен қатар ата-аналардың көзқарасына байланысты. Егер, ата-ана туыстарымен онша араласпай, тек жағымсыз жағын естіртетін болса, онда баланыңда туыстық көзқарасы бұрыс қалыптасады. Сондықтанда ата-ана көзқарасы, ойы үлкен әсер етіп отыратыны анық .

Тұйық болуға итермелейтін тағы бір себеп: ата-аналардың іс-әрекеті: аз уақыт бөлу, ашық сөйлеспеу

Тұйықтықтан арылу бірнеше тәсілдері:

«Кляксы» ойыны

«Ғажал аң» ойыны

«Танысу» ойыны

« Мен кімін?» ойыны

« Менің жақсы жақтарым және кемшілігім» деген сұрақтарды қою арқылы баланы білуге болады.

Ұсыныс

Бала ата – анасының қорғанышы,сүйіктісі болу керек. Осы өмірде өте мықты,ержүрек,ешкімнен қорықпайтын әкесінің бар екенін,және де өте мейрімді, ақылды анасының бар екенін сезінуі тиіс.

Әсіресе мектепке дейінгі балаларға ата – анасының көп көңіл бөлуі,жанұялық махаббат қолдаушылық көрсеткен өте маңызды.

Педагог -психолог: Г.Жұмабаева.